

# Ұстаз-ұлағатты есім

**Қыран биікте самғап, шарласа, жастар өз әлемінің иесі, елдің тізгінін ұстайтын ел азаматы болуы тиіс. Жарқын болашаққа бет алған бағдарламамыздың айқын ұлттық идеямыздың тұғыры айқындалып тұрады. Тіл мәселесі сіздің де, менің де елдігіміздің айнасы. Өз тіліңді сүйе білуде, бесігіңнен бастап тәрбиелеу ата-ана борышы, ал мектеп есігін ашып алғашқы қадам басқан сәби жүрекке ұялата білу ол ұстаз міндеті.**

Әліппе оқушы айнасы, оған үнемі қарап, ол өз өмір жолына жол бастау үшін, әр әріптен ұғып үйреніп көзін ашады. Егер ұқлай қалса, соқыр болып ештеңені ұқлай қалуы мүмкін. Оқушының көкірегімен көзін ашу ұстаз біліміне байланысты.

мекбайқызы №8 мектепте 17 жыл терін төккен қадірменді ұстаз. Жанаттың жалпы ұстаздық өтілімі 27 жыл екен. Осы мектепте 2008 жылдан бастап Бастауыш әдістемелік бірлестік жетекшісі болып жұмыс атқарып келеді. Жанат Ермекбайқызы байырғы бастауыштың ұстазы. Оның алдында білім алып қанат қаққан талай шәкірттер үлкен мамандықтың иелері. Әр кездесулерде оқушылары апайларын әсте естен шығармайды. Жанат Ермекбайқызы оқушылар мен тіл табысқанда баласындай сырласады. Жуырда №8 мектептің 1 - сынып оқушыларының әліппемен қоштасу кеші өтті. «42 әріппен Ғаламды таныткан, қош сүйікті Әліппем!» тақырыбында өткен кеште барлық оқушылар өз білімдерін көрсете білді. Тіпті, кеше ғана алдынан бастауыш табалдырығын аяқтап қоштасып кеткен 5-сынып оқушылары өзінің шәкірттері, өздерінен кіші іні – сіңлілеріне көмектесіп бірге ат салысты. Кеш негізінде «Гүлдер патшасы» өтті. «Гүлдер патшасы» Ислам Төленов, қос уәзірі Фархат Шамбыл, Мадияр Кашин мен қоса келіп шәкірттердің білімін тексерді. Әліппе боп ойнаған Жасмин Ибраева, Ана тіл болып шыққан Гүлдастан Төлеңді. Жүргізушілер Наргиз Қазымбекова, Айдана Мақатова т.б өз шәкірттері ат салысты. Әліппемен қоштасу кеші өте қызықты өтті. Ата – аналар атынан Мәрзия Сатыбалдина апамыз, Бауыржан Тоқаев шәкірттерге риза болып, ұстазға деген алғыстарын айтты. Мектеп директоры Нұрлыбек Иманқұлов кішкентай бүлдіршіндерді құттықтап, ризашылығын білдірді. Біздің мектептегі тәжірибелі ұстаз Жанат Баймолдина өз ісіне ұқыпты, қарапайым жан. Отбасына адал жар, балаларына аяулы ана, шәкірттеріне ұлағатты ұстаз. Біз оның еңбегін әр кезде дәріптеп, үлгі тұтамыз.

**Жанар АБДРАХМАНОВА,**
**Арқалық қаласы әкімшілігі білім бөлімінің №8 негізгі мектебі»**